Түркістан облысы «Шардара» мектеп-лицейі педагог-психологтарының 2025-2026 оқу жылында атқарылған іс – шараларының мәліметі

№	Іс-шаралар	Атқарылған жұмыстар	Сілтемесі
1	«Буллингтен қорған!»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында сынып сағаттары өткізілуде. Осы орайда әріптестеріміз Еспенбетова Зубайра және Базарбаева Айгерім «Буллингтен қорған» тақырыбында сынып сағатын ұйымдастырып, оқушыларға буллингтің түрлері, оның алдын алу жолдары және өз құқықтарын қорғау жайында кеңінен түсіндірді. Мұндай тәрбиелік шаралар жасөспірімдерге өзара сыйластық пен сенімге негізделген орта қалыптастыруға ықпал етеді.	https://www.facebook.com/share/p/175ABJdFAU/
2	Достық пен қарым–қатынас күні	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты	https://www.facebook.com/share/p/1CkxQBTihS/

Scanned with CamScanner

		«Шардара» мектеп-лицейіміздің педагог-психологы Жумабаева Феруза апайымыздың ұйымдастыруымен «Көмек сұрау – әлсіздік емес, даналық» атты тақырыпта тәрбиелік мәні зор тренинг өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар бір-бірімен достық қарым-қатынасты нығайтуға, сенімділік пен қолдаудың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік алды. Бұл тренинг балаларға өз ойларын еркін айтуға, көмек сұраудан қорықпауға және шынайы достықтың қадірін бағалауға жол ашты.	
3	Арт - терапия сабақтары	Мектеп-лицейіміздің педагог - психологы Жумабаева Феруза апайымыз оқушылардың эмоционалды жай - күйін қолдау мақсатында «Күйзелісті шығармашылықпен жеңу» атты арт - терапия сабағын өткізді. Оқушылар сурет салу арқылы ішкі сезімдерін еркін жеткізіп, жағымды көңіл күйге бөленді. Бұл терапия олардың шығармашылық қабілетін	https://www.facebook.com/share/p/1QQt5F6uke/

Scanned with CamScanner

		арттырып қана қоймай, күйзелісті жеңудің тиімді жолдарын үйретті.	
4	«Бақытты және қауіпсіз балалық шақ»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында жоғары сынып оқушылары арасында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге мектеп-лицей инспекторы Д. Танабай, мектеп-лицей директоры Л. Ө. Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Ахатова, педагог-психолог Ф. З. Жұмабаева қатысты. Күн тәртібі: 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу; 2. «Буллингтен қорған» тақырыбындағы түсіндірме жұмыс. Кездесуді мектеп-лицей директоры Л. Ө. Құлмаханбет ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Өз сөзінде оқушылардың мектеп ережесін сақтау, ата-аналарына құрмет көрсету және еліміздің жарқын болашағы болуға ұмтылу қажеттігін атап өтті.	https://www.facebook.com/share/p/19iCmLUq2c/

Scanned with CamScanner

		Бұдан кейін сөз алған Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ аға УПИ, полиция капитаны Данияр Бауыржанұлы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне тоқталды. Ол кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, әрбір жасөспірімнің заңды сақтау және тәртіпті болу жауапкершілігіне назар аударды. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Буллингтен қорған» тақырыбында түсіндірме жүргізілді. Оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің мәні, түрлері мен айырмашылықтары түсіндірілді. Буллингке ұшыраған жағдайда оны жасырмай, ата-анасына, сынып жетекшісіне немесе мектеп психологына хабарлау қажеттігі айтылды. Педагог-психолог Ф. З. Жұмабаева өз сөзінде Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген даналық сөзін негізге ала отырып, тәрбиенің отбасынан	

Scanned with CamScanner

		басталатынын атап өтті. Сонымен қатар буллингтің адам психологиясына тигізетін кері әсері мен оны болдырмау жолдары туралы түсіндірді. Буллингке ұшыраған достарына көмек көрсету жолдарын да түсіндіріп өтті. Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауап алды. Кездесу мазмұнды өтіп, оқушылардың құқықтық сауаттылығын, өзара сыйластық мәдениетін және жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етті.	
5	«Менің сыныбым буллингке қарсы!»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылар арасында «Менің сыныбым буллингке қарсы» атты челлендж бастау алды. Челлендждің мақсаты – мектепте достық қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне құрметпен қарауды дәріптеу, зорлық-зомбылық пен буллингтің кез келген түріне жол	https://www.facebook.com/share/v/1FegLNyKRy/

Scanned with CamScanner

		бермеу.	
6	«Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың креативті тапсырмаларды жобалау әдістемесі»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ауданның шығармашылық топ мүшелері мен аймақ мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сыныпта математика тапсырмаларды логикалық ойлауды үйрету жолдары» тақырыбында әріптестеріміз Қ.Шатаева, Ж:Шаймарданова, А.Абдиоразова және педагог-психолог А.Арын өз деңгейінде шебер-сынып өтті. Шеберлік сабақ барысында директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің орынбасары Махимова Жамила Бегайдарқызы «Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың креативті тапсырмаларды жобалау әдістемесі» бойынша мазмұнды жұмысты ұсынды. Сабақ жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар үшін тәжірибе алмасу алаңына айналды. Іс-шараның мақсаты – бастауыш	https://www.facebook.com/share/p/1EZxWLQ88Q/

Scanned with CamScanner

		сынып оқушыларының математикалық тапсырмаларды орындауда логикалық ойлау дағдыларын дамыту жолдарын қарастыру, тиімді әдіс-тәсілдерді талдау және мұғалімдердің логикалық есептерді оқыту үдерісіне енгізу қабілеттерін жетілдіру болды. Семинар соңында аудандық білім бөлімінің әдіскері Илесова Гүлжан Тұрлыбекқызы ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, шебер сынып өткен ұстаздардың іс тәжирбесі аудан және облыс аймақтарына тарату ұсынылды, семинар жоғары деңгейде өтті деп бағалады.	
7	Аймақтық семинар өтті!	Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде әдіскерлер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, ата-аналар, сынып жетекшілер және оқушылардың қатысуымен әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, ана мен	https://www.facebook.com/share/p/1CdgiFp9xY/

Scanned with CamScanner

		баланы қорғау, әйел-ананың рөлін нығайту, отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» республикалық акциясы аясында аймақтық семинар өз деңгейінде өтті. Іс-шараны мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет ашып, қатысушыларға семинардың маңыздылығын атап өтті. Семинар барысында мектеп-лицейдің медбикесі К. Игиликова «Ерте жүктіліктің зардабы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Сонымен қатар, 7 «А» сынып оқушыларымен М. Сатылғанова жетекшілігімен «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Педагог-психолог А. Арын «Қыздарға әсемдік жарасады» атты психологиялық тренинг ұйымдастырып, қатысушыларға пайдалы кеңестер берді. Аймақтық семинар жұмысын Шардара аудандық білім бөлімінің әдіскері Г. Шамеева қорытындылап,	

Scanned with CamScanner

		өткізілген іс-шаралардың тәрбиелік мәніне жоғары баға берді.	
8	Құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған деректі фильмдер мен бейнероликтер көрсетілді	Түркістан облыстық білім басқармасының 2025 жылғы 11 желтоқсандағы №25/8097 хатына сәйкес мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушыларға арналған деректі фильм көрсетілді. Фильмде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың негізгі себептері мен оның салдары, сондай-ақ жауапты мінез-құлықтың маңызы кеңінен қамтылды. Оқушыларға құқықтық нормаларды сақтау мен заң талаптарын орындаудың қажеттілігі түсіндірілді. Көрсетілім барысында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, мазмұн тәрбиелік бағытта ұсынылды. Деректі фильм оқушыларға ерекше әсер қалдырып, олар өз пікірлерін ашық білдіріп, құқықтық сауаттылықтың қоғамдағы маңызын түсінді.	https://www.facebook.com/share/p/1CUZg2qPBX/
9	«Гендерлік зорлық-		https://www.facebook.com/share/p/1DCddbozAs/

Scanned with CamScanner

	зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы		
10	«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» халықаралық акциясы аясында іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шара әйелдер мен қыз балаларға қатысты кез келген кемсітушілікке, мазақ етуге, кекетуге, мұқатуға, әлімжеттілікке, сондай-ақ физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне жол бермеу, олардың алдын алу мақсатында өткізілді. Іс-шара барысында Халықаралық конвенция ережелеріне енгізілген өзгерістер түсіндіріліп, гендерлік теңдік, адам құқығы және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды. Акция аясында Шардара аудандық білім бөлімінің әдіскері Г. Шамеева арнайы қатысып, 6–7 сынып оқушыларымен кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.	https://www.facebook.com/share/p/1DCddbozAs/

Scanned with CamScanner

		Оқушыларға гендерлік зорлық-зомбылықтың түрлері, оның салдары және одан қорғану жолдары туралы маңызды ақпарат берілді.	
11	“Психология әлемі” тақырыбындағы онкүндік	Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес оқушылар арасында буллинг пен кибербуллингтің, аутодеструктивті мінез-құлықтың, ерте жүктіліктің алдын алу, сондай-ақ оқушыларға шабыт беріп, күйзелістен арылуына қолдау көрсету мақсатында 09–18 ақпан аралығында “Психология әлемі” тақырыбындағы онкүндік іс-шараның салтанатты ашылуы өткізілді. Онкүндіктің ашылуын мектебіміздің педагог-психологтары Ф. Жумабаева мен А. Арын ұжымға жағымды көңіл күй сыйлау мақсатында арнайы психологиялық сергіту сәттерімен бастап, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың психологиялық мәдениетін арттыру, эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту, тиімді	https://www.facebook.com/share/v/1a9y65AWzs/

Scanned with CamScanner

		қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және мектеп ұжымында жағымды психологиялық ахуал орнату. Ашылу барысында психология ғылымының адам өміріндегі маңызы кеңінен түсіндіріліп, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі психологиялық ойындар, сергіту жаттығулары мен танымдық тапсырмалар ұйымдастырылды. Ойындар арқылы оқушылар өз эмоцияларын еркін білдіріп, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын дамытты. Алдағы күндері жоспарланған іс-шаралар оқушылардың тұлғалық дамуына, эмоционалдық саулығын нығайтуға бағытталып, жүйелі түрде өз жалғасын табатын болады.	
12	«Қыз бала – ұлт болашағы!»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 9-10 сынып қыздарына арналған «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	https://www.facebook.com/share/v/182xxXp8Gy/

Scanned with CamScanner

		Кездесудің басты мақсаты – жасөспірім қыздарға денсаулықтың маңызын түсіндіру, ерте жүктіліктің алдын алу, жауапкершілік пен саналы таңдау жасауға бағыт беру болды. Кездесуге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова, педагог-психолог Ф.Жумабаева, әлеуметтік педагог Қ.Мұсақұлова және мектеп медбикесі К.Игиликова қатысып, қыздарға өмірлік маңызы бар ақыл-кеңестерін берді. Мамандар жасөспірім шақтағы физиологиялық және психологиялық өзгерістер туралы кеңінен түсіндіріп, ерте жүктіліктің денсаулыққа, білім алуға және болашақ жоспарларға тигізетін кері әсері жайында нақты ақпараттар ұсынды. Сонымен қатар, қыз балалардың өз-өзін құрметтеуі, жеке шекарасын сақтауы, дұрыс шешім қабылдай білуі және ата-анамен ашық қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы айтылды. Педагог-психолог қыздардың көкейіндегі сұрақтарға жауап беріп, сенім мен қолдау атмосферасын	

Scanned with CamScanner

		қалыптастырды. Медбике денсаулықты сақтау, гигиена және репродуктивті сауаттылық туралы маңызды мәліметтермен бөлісті. Кездесу барысында қыздар өз ойларын ашық айтып, белсенділік танытты. Мұндай тағылымды кездесулер жасөспірімдердің саналы, жауапты, дені сау болып қалыптасуына ықпал етеді.	
13	«Буллинг, кибербуллингтен қалай қорғанамыз?»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде мектеп-лицейде буллинг пен кибербуллингтің алдын - алу мақсатында «Буллинг, кибер-буллингтен қалай қорғанамыз?» тақырыбында орта буын оқушылары арасында алдын – алу ағарту жұмыстарын жүргізді. Іс – шараға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова, педагог-психолог А.Арын, ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева, аға тәлімгер А.Сманова және сынып жетекшілер қатысты.	https://www.facebook.com/share/p/1MNY9tt8nE/

Scanned with CamScanner

		Сонымен қатар, оқушылар өз ойларын ортаға салып, сұрақтар төңірегінде ой өрбітті.	
14	Бала қауіпсіздігі бәрінен маңызды!	Түркістан облысы Шардара ауданының білім бөлімі облыстық білім басқармасының «Түркістан обылысының психологиялық қолдау орталығы» КММ-нің 2025 жылы 09 сәуір күнгі № 06-01/184 санды хатына сәйкес, «Шардара» мектеп – лицейінде «Психологиялық қызмет: креатив және инновация» онкүндігі аясында «Бала қауіпсіздігі бәрінен маңызды» тақырыбында өз деңгейінде челлендж ұйымдастырылды. Біз барлық балалардың амандығы мен қауіпсіздігі үшін бірге әрекет етеміз! Осы челленджді №1 М. Әуезов жалпы орта білім беретін мектебіне жолдаймыз. Бала қауіпсіздігі - бәрінен маңызды!	https://www.facebook.com/share/v/18WbyJpmwh/
15	«Жасөспірімдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейі	https://www.facebook.com/share/v/15jRwN5ax1/

Scanned with CamScanner

		жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылықты мәселесін түсінуіне, өз-өзіне баға беруге тәрбиелеу, сенімді мінез – құлықты дамыту мақсатында «Жасөспірімдерге қарсы зорлық - зомбылық, қатыгезділіктің алдын алу» атты тақырыпта педагог-психологтардың ұйымдастыруымен жоғарғы сынып оқушыларымен түсіндіру, алдын – алу жұмыстары жүргізілді.	
16	«Буллингтен қорған»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде оқушыларды буллингтің мәні мен оның салдарымен таныстыру, оларға буллинг жағдайларында өзін қалай ұстау керектігі мен мектепте қауіпсіз және қолайлы орта құруға ықпал ету мақсатында 2025 жылдың 24 ақпан күні «Буллингтен қорған» тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларымен алдын алу түсіндіру жұмыстарын педагог – психолог мамандар жүргізді. «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі» - деп, алдын – алу түсіндіру жұмыстарына аталған білім	https://www.facebook.com/share/p/15uMnX2Wzk/

Scanned with CamScanner

		ордасының директоры Л.Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова, педагог-психолог Ф.Жумабаева, А.Арай, ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева және сынып жетекшілер қатысты.	
17	«Интернеттің пайдасы мен зияны»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2025 жылдың 21 ақпан күні «Интернеттің пайдасы мен зияны» атты тақырыпта педагог-психологтардың ұйымдастыруымен жоғарғы сынып оқушыларымен түсіндіру, кең көлемде алдын – алу жұмыстары жүргізілді. Жиналысқа мектеп – лицей директоры Л.Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова, педагог-психолог Ф.Жумабаева, А.Арай, ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева, аға тәлімгер А.Сманова және сынып жетекшілер	https://www.facebook.com/share/p/14WwwJKrhW/

Scanned with CamScanner

		қатысты. «Ғаламтордың әлегі, Зияны көп пәлегі...» - демекші, педагог – психолог Жумабаева Феруза әріптесіміз «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыпта баяндама оқып, оқушылар көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, мардымды жауаптарын алды.	
18	Жас түлектерге психологиялық қолдау - табысқа бастар сенімді жол!	Түркістан облысы, Шардара ауданындағы «Шардара» мектеп-лицейінде 2025–2026 оқу жылы аясында оқушыларға бағытталған маңызды психологиялық іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, мектеп-лицейіміздің педагог-психологы Ф.Жумабаева 9-11 сынып оқушыларына «ҰБТ алдындағы күйзелісті қалай жеңуге болады?» және «Мен өмірге құштармын» тақырыптарында мазмұнды әрі танымдық тренингтер өткізді. Бұл тренингтердің басты мақсаты – жас түлектердің емтихан алдындағы қобалжуын жеңілдету, олардың өз-өзіне деген сенімін арттыру, өмірге	https://www.facebook.com/share/p/1AqotbU5Ya/

Scanned with CamScanner

		деген оң көзқарасын қалыптастыру және психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету. Тренинг барысында оқушылар өз эмоцияларын басқаруды, күйзелісті тиімді еңсеруді, дұрыс шешім қабылдауды үйреніп, болашаққа сеніммен қадам басуға жігер алды. Әрбір жас жүректе арман бар, ал сол арманға жетудің кілті - сенім мен табандылықта. Сенімді жас - жарқын болашақтың кепілі!	
19	«Бүгінгі мектеп түлегі-ертеңгі елдің тірегі»	Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп - лицейіде Шардара ауданының білім бөлімінің №185 хатына сәйкес, Шардара аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес, «Бүгінгі мектеп түлегі - ертеңгі елдің тірегі» тақырыбындағы онкүндік іс - шара аясында 9, 11 сынып оқушыларының ата - аналарымен жиналыс өткізілді. Жиналыстың мақсаты: Бітіруші түлектердің ата - аналарына психологиялық қолдау көрсету,	https://www.facebook.com/share/p/1ALLpwptxh/

Scanned with CamScanner

		қобалжу мен күйзелістен арылуға, болашаққа нық қадам басу үшін өздеріне деген сенімділіктерін қалыптастыру. Мектеп - лицейінің психологы Жумабаева Феруза апайымыз ата-аналармен сұрақ - жауап арқылы пікір алмасты. Нәтижесінде: мектеп түлектерінің болашаққа нық қадам басуы үшін, психологиялық қолдау көрсетілетіндігін түсіндірді.	
20	«ҰБТ-ға психологиялық дайындық» алдын алу ағарту жұмыстары	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде бітіруші 11 сыныптың оқушыларымен Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) туралы кәсіби көмек көрсету мақсатында «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» алдын алу ағарту жұмыстары тақырыбында педагог – психолог Жумабаева Феруза, «ҰБТ-ге дайындаудың тиімді жолдары» тақырыбында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Махимова Жамила және Дарменова Бибигул	https://www.facebook.com/share/p/16FSFeuQFC/

Scanned with CamScanner

		апайларымыз үлкен өмірге аяқ басқалы тұрған бітіруші түлектерінің сыныптарына еніп, 2025 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) туралы маңызды жаңалықтармен таныстырып, өз-өзіне сену, шамадан тыс қобалжымау, уайымдамау, тесттің барлық сұрақтары мектеп бағдарламасы алынатыны жалпы өздеріңе сеніп, үрейге берілмей, өз мақсаттарыңа ынтамен ұмтыл, міндетті түрде жемісін көресіңдер деп алдын алу ағарту жұмыстары мен кеңестерін берді.	

Scanned with CamScanner